

ӘОЖ 39(045)  
ҒТАХР 03.61.91, 04.51.67  
DOI 10.56525/КРАМ8263

## ИРАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ ДАМУЫ

Бекенжанова А. А.

Есенов Университеті, Ақтау қ., Қазақстан  
e-mail: ainash.bekenzhanova@yu.edu.kz

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ирандағы қазақ диаспорасының қалыптасу себептері мен тарихи дамуы, сондай-ақ олардың иноэтникалық және инотілдік орта жағдайында этномәдени бейімделу ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеуде ХХ ғасырдың әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістері нәтижесінде Қазақстан аумағынан, әсіресе Маңғыстау өңірінен Иранға қоныс аударған қазақтардың ұлттық болмысын сақтау үдерістеріне ерекше назар аударылады. Жұмыста қазақтардың негізгі көші-қоны 1920–1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру саясаты және экономикалық қысым салдарынан болғаны көрсетіледі. Осы тарихи жағдайлар Маңғыстау қазақтарының Түрікменстан арқылы Иранның солтүстік аймақтарына қоныс аударуына алып келді. Жаңа ортада диаспора өкілдері тілдік, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан күрделі бейімделу кезеңін бастан өткерді. Соған қарамастан, олар этникалық ерекшелігін сақтаудың түрлі тетіктерін қалыптастырып, қабылдаушы қоғаммен қатар өмір сүруге бейімделді.

Мақалада Иран қазақтарының шаруашылық қызметі, оның ішінде мал шаруашылығы, егіншілік және әсіресе кілем тоқу, тұрмыстық бұйымдар жасау сияқты дәстүрлі қолөнер түрлерінің дамуы талданады. Материалдық мәдениет этникалық бірегейлікті сақтаудың негізгі факторларының бірі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, тілдік ортадағы өзгерістер, қазақ тілінің сақталуы және оған парсы, түрікмен тілдерінің ықпалы да зерттеледі. Әлеуметтік-мәдени бейімделу барысында күнделікті тұрмыс, отбасылық салт-дәстүр, діни ұстанымдар және ұлттық киім ерекшеліктерінің өзгерісі сипатталады. Дегенмен, ұзақ уақыт бойы өзге этникалық ортада өмір сүрсе де, Иран қазақтары негізгі ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды келесі ұрпаққа жеткізе алғаны атап өтіледі.

Қорытындылай келе, Ирандағы қазақ диаспорасының этномәдени тәжірибесі диаспоралық бірегейлік, мәдени трансформация және этносаралық байланыстарды зерттеу үшін маңызды ғылыми мәнге ие екені көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** қазақ диаспорасы, Иран қазақтары, этномәдени даму, көші-қон, Маңғыстау, ұжымдастыру, мәдени бейімделу, ұлттық бірегейлік, қолөнер, тілдік ерекшелік, дәстүр мен салт-дәстүр, репатриация, этникалық сәйкестік, мәдени мұра.

### Кіріспе

Қазақ диаспорасы — тарихи себептерге байланысты өз тарихи отанынан тыс жерлерде өмір сүріп жатқан қазақтардың жиынтығы. Қазіргі кезде әлемнің көптеген мемлекеттерінде қазақ қауымдастықтары бар. Олар ұлттық мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтап, Қазақстанмен байланысын жалғастырып келеді. Қазақ диаспорасының пайда болуы және қалыптасуы негізінен екі жолмен түзілгендігі белгілі: оның біріншісі мемлекеттік шекараларды белгілеген кезде өзінің байырғы ата-жұртында тұрса да негізгі этникалық ортасынан бөлініп қалған қазақтар болса, екіншісі, тарихи жағдайларға байланысты әр кезеңдерде көшіп барып орнығып қалғандар [1]. Қазақстанның бүкіл әлемдік қоғамдастыққа тәуелсіз мемлекет ретінде танылуы қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасы, соның ішінде алыс және жақын шет мемлекеттерде тұратын қазақтар туралы терең зерттеу қажеттігін туғызып отыр.

Шетелдердегі және Қазақстанға қайтып оралған қандастарымыздың қазіргі кездегі әлеуметтік және мәдени өмірі, өзіндік сана, діни санасы, менталитеті, олардың этнографиялық

болмысына өзге ұлттардың тигізген әсері, әлеуметтік және тілдік жағдайы, отанға деген сүйіспеншілік, шаруашылық ахуалы, қосалқы кәсіптері мен материалдық мәдениеті, отбасылық әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері мен ұлттық дәстүрлердің сақталуы, халықтық ілім-білімдері сияқты т.б. көкейкесті мәселелер қатарына жатады. Мәдени құндылықтар мен жетістіктер ұрпақтан ұрпаққа беріліп, өткен дәуірдің құндылықтарының жиынтығы ретінде мәдени мұраға айналады.

Тарихтың аласапыран жылдарында тағдыр тәлкегіне ұшырап, небір қиыншылықтарды бастарынан өткізіп, Қазақстанның батыс аймағы Маңғыстаудан Түркменстанға өтіп, теңіз арқылы көршілес орналасқан мемлекет Иранға пана іздеп кеткен қандастарымыздың өткені мен бүгінгі және болашақтағы өмірі туралы жан жақты саралап, тарихи зерттеулер жүргізу тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі.

1920-30 жж. үкіметінің халыққа қарсы бағытталған саясаты, отырықшыландыру, бай мен кулактарды тәркілеу, күшпен өткізілген ұжымдастыру саясаты бүкіл халықтың наразылығын тудырды. Бірте-бірте қазақ халқының кеңес өкіметіне деген сенімі жоғалып, өздерінің наразылығын ашық көрсетті.

Салықтың мөлшері тым көп, өтеу мүлде мүмкін болмады. Тұрғындар көрпелерін сөгіп, жүнін алды, алашаларын, арқанын түтіп жүн етті. Қызыл жүн жоспарын орындамағандар айдалып кетті [2]. Осындай есепсіз салықтар елді күйзелтіп, есеңгіретті. Енді қалған азын-аулақ малдан да айырылудың күні жақындады. 1908 ж. мәлімет бойынша Адай уезінде 1 миллион 786 мың бас төрт түлік болса, содан 1930 жылы тек 20 % ғана қалған [3].

Көшіп кетсек, қашып кетсек, «әлі жеткеннің талауынан құтылармыз», - деп үміттенгендер де аз болмады. Сондықтан да 1931 ж. көктемінен бастап Қарақалпақ пен Түрікпен, тіптен Кавказ жеріне босқан адайлар мен табындардың легі үдей түсті [4].

Маңғыстаудан көшкен қазақ халқы Азияның оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Иран Ислам Республикасына қоныстанған. Иран мемлекетінің шет жақтарында Солтүстік Иран (Эльбурс, Түрікмен-Хорасан), Оңтүстік Иран (Загрос, Мекран), Шығыс Иран (Серхед, Пеленган, Боран, Кепат) таулары, орталығында Кухруд жотасы, Деште-Кевир, Деште-Лук шөлдері орналасқан. Солтүстік-батысынан Оңтүстік Каспий және Кура Аракс ойпаттары бар [5].

Иран қазақтары 1929-1933 жылдар аралығындағы «Қызыл табан, шұбырынды» кезінде Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, Иранның солтүстігіндегі аудандарда орналасты. Қазіргі уақытта аталған үш қала Мазандаран провинциясынан бөлініп, жаңадан 1997 ж. құрылған Гүлістан провинциясының құрамында [6]. Жаңадан құрылған Гүлістан провинциясының орталығы Горган қаласы болып белгіленді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Аталған тақырыпты зерттеуде Қазақстан, Иран мемлекеттерінің ғалымдарынан алынған ақпараттар пайдаланылды. Зерттеу жұмысының материалдық базасы ретінде Иран қазақтарының тарихы мен этномәдени дамуына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми мақалалар, энциклопедиялық деректер, мұрағат құжаттары, сондай-ақ этнографиялық зерттеулер пайдаланылды. Соның ішінде дадалық зерттеу арқылы 1.Табынай Жарылғас, Бендер-Түрікмен қ., 2.Зайыр Мектепұлы, Ақтау қ., 3.Гүлнар Ескелді, Ақтау қ., 4.Қатира Жеменей, Ақтау қ., 5.Сағындық Қобланұлы, Бендер-Түрікмен қ., 6.Жұмажан Қазақ, Ақтау қ., 7.Зылиха Зорбай, Ақтау қ., 8.Нияз Тобыш, Ақтау қ., 9.Тағанбибі Ескелді, Ақтау қ., 10.Әбу Мұхаммедұлы Павиз, Горган қ., 11.Тойжан Бабық, Горган қ., 12.Әбжед Избасарұлы Арманд, Бендер-Түрікмен қ., 13.Сапура Ідріскызы Жеменей, Бендер-Түрікмен қ., 14.Ибрахим Қазақ, Ақтау қ., 15.Тағанбибі Адай, Гомбед-Кавус қ. сияқты сұхбат беру әдісі негізінде сұхбат берушілер мен информаторлардың ақпараттары арқылы мол дерек көздері, ақпарат алынды. Сонымен қатар Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, аймақтық басылымдар және диаспора мәселесіне арналған ғылыми жинақтар негізгі дереккөздер ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, Иран қазақтарының мәдени дамуы Қазақстан және басқа шетелдік қазақ диаспораларымен салыстырылды. Бұл әдіс этномәдени ерекшеліктердің қалыптасу заңдылықтарын анықтауға

мүмкіндік берді.

Сонымен бірге жүйелік талдау әдісі арқылы диаспора өмірінің әлеуметтік, экономикалық, тілдік және мәдени факторлары біртұтас құбылыс ретінде қарастырылды. Этнографиялық сипаттау әдісі Иран қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, қолөнері, киім кию дәстүрі және салт-дәстүр ерекшеліктерін нақты сипаттауға мүмкіндік берді.

Лингвистикалық талдау әдісі қазақ тілінің Иран жағдайындағы сақталуы мен оған парсы және түрікмен тілдерінің ықпалын зерттеуде қолданылды. Сондай-ақ жинақтау және қорытындылау әдістері арқылы алынған мәліметтер жүйеленіп, ғылыми тұжырымдар жасалды.

**Зерттеу нәтижелері.** Жүргізілген зерттеу нәтижелері Ирандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен этномәдени дамуы тарихи-әлеуметтік және саяси факторлармен, атап айтқанда ХХ ғасырдың 1920–1930 жылдарындағы күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру және экономикалық қысым саясатының салдарымен тығыз байланысты екенін көрсетті. Осы үдерістер нәтижесінде Маңғыстау өңірінен Түрікменстан арқылы Иранның солтүстік аймақтарына қазақ халқының бір бөлігі қоныс аударған.

Этнографиялық және тарихи деректерді талдау Иран қазақтарының жаңа этномәдени ортаға бейімделуі күрделі әрі көпдеңгейлі сипатқа ие болғанын айқындады. Олар қабылдаушы ирандық және түрікмендік социомәдени кеңістікке интеграциялана отырып, экономикалық және әлеуметтік өмірге бейімделгенімен, этникалық бірегейлікті сақтаудың тұрақты механизмдерін қалыптастырған.

Зерттеу барысында материалдық мәдениеттің, әсіресе дәстүрлі қолөнердің (кілем тоқу, тұрмыстық бұйымдар жасау, киім тігу) этникалық сәйкестікті сақтаудағы рөлі ерекше екені анықталды. Бұл элементтер диаспоралық мәдениеттің трансформациялануына қарамастан, ұлттық дәстүр сабақтастығын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі ретінде көрініс тапты.

Лингвистикалық талдау нәтижелері қазақ тілінің негізгі құрылымдық жүйесі сақталғанымен, парсы және түрікмен тілдерінің ықпалымен лексикалық кірме қабаттың қалыптасқанын және белгілі бір фонетикалық өзгерістердің байқалатынын көрсетті. Бұл құбылыс диаспоралық тілдік дамудың заңды нәтижесі ретінде бағаланады.

Әлеуметтік-мәдени зерттеу қорытындылары Иран қазақтарының салт-дәстүрлері, отбасылық құндылықтары және діни тәжірибесінде ұлттық негіздің сақталғанын, алайда тарихи-географиялық орта ықпалымен белгілі бір синкреттік элементтердің қалыптасқанын дәлелдеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Иран қазақтарының этномәдени дамуы ассимиляциялық үрдістер мен этникалық өзіндік сананы сақтауға бағытталған мәдени ретрансляция механизмдерінің қатар жүруімен сипатталатынын көрсетті.

Шетелдегі қазақтардың репатриациясы Қазақстанның көпмәдениетті қоғамына елеулі үлес қосқанын, мәдени дәстүрлердің, тіл мен әдет-ғұрыптардың қайта жандануына, алуан түрленуіне үлес қосқандығы айқын және этникалық қазақтардың отанына қайта оралудың қиындықтары мен мәселелері де болғаны сөзсіз.

Қандастардың интеграциялану үдерісінде әлеуметтік бейімделу, баспанаға қол жеткізу және жұмысқа орналасу, тіл мен мәдениетті сақтау сияқты түрлі мәселелер туындағанын айту керек. Этникалық қазақтардың репатриациясын зерттеудің нәтижелері әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерді ескере отырып, көші-қон саясатына кешенді көзқарастың маңыздылығын, сондай-ақ қандастардың қоғамға интеграциялануына ықпал ету және олардың өмір сүруіне жағдай жасау қажеттілігін атап көрсетеді.

Гүлістан провинциясының экономикасы, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, балық аулау және өнеркәсіп салаларын құрады. Бұл аймақта егін шаруашылық өнімдерінен бидай, мақта, темекі, күріш және басқа да өнім түрлері шығарылды. Қазба жұмыстарының барысы анықтағандай Гүлістан провинциясы жағымды қоршаған ортамен адамзат тарихында ең маңызды жердің бірі болып саналып келеді.

Диаспоралардың басқа этнолингвистік әлеуметтік-мәдени ортаның тұрмысы мен

қоғамдық жағдайына өздерін икемдеу, жаңа ортаға үздіксіз үйрену, сол жерде тұруға бейімделу процесі үлкен мәселе. Ирандағы қазақтар да басқа этносаяси кеңістікке, этномәдени ортаға еніп, қоршаған әлем мен табиғат құбылыстарына, үстем этностың психологиясына, қоғамдық-әлеуметтік жағдайларына, тұрмыс-тіршілігіне, қоршаған ортаға осылай бейімделді. Сөйтіп, шетелдегі қазақтар басқа этнодиаспоралық кеңістіктерде уақыт өте әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайлары бір қалыпты арнаға түсіп, үстем этностың қарым-қатынас тілін үйреніп, соның ішінде парсы, көрші түрікмен мәдениетін құрметтей отырып, үздіксіз үйрену мен субъектенудің нәтижесінде кәсіп істеп, бірте-бірте қоғамға, қызметке араласып, түзеліп, қоршаған ортаға бейімделу процесі барысында өзінің заттай және рухани дүниесіне, ұлттық болмысына назар аудара бастайды.

Иран қазақтарды этникалық құрамы жағынан кіші жүз қазақтарына кіреді. Қазіргі барған жеріне осы кіші жүз тайпалары орналасқан жерден ауып барғандар. Тілдік ерекшеліктері жағынан алғанда, көп құбылыстар қазақ тілінің батыс говорлар тобымен ортақтығы байқалады. Шет жерде жүрген әр ирандық қазақ ата-бабамыздың тілін асыл мұра ретінде қадірлейді. Иран қазақтарының жергілікті тіл ерекшеліктері, біріншіден өздерінің жағрапиялық орнына байланысты. Иран қазақтары парсылармен, түрікмендермен тығыз қарым-қатынаста болған. Тарихи жағдайға байланысты басқа тілдер ортасында болуынан парсы, түрікмен және басқа тілдердің әсері кездеседі, бірақ өз тілдірін біржолата ұмытқан халықтар қатарына Иран қазақтары жатпайды.

Ұлттық киім сан қырлы және өзгермелі құбылыс ретінде тарихтың көптеген мәселелерін шешу үшін үлкен қызығушылық туғызады. Әртүрлі кезеңдердегі киімнің ортақ белгілерін анықтау мен талдау бірыңғай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Қандайда бір халықтың дәстүрлі киімінің өзіндік бітімі, оның қалыптасуы, бір ғана халықпен шектесіп қоймай, үнемі байланысып толығы және өзара ықпал етіп, бір бірін байыту үшін тарихи кезең шеңберінде ұзақ уақытқа созылады.

Этникалық қандастар жергілікті қазақтармен бір тарихи тамырлас деседі, мәдениет пен салт дәстүрде кейбір айырмашылықтар байқалып қалады. Шет елдерден оралған қазақтарды туып-өскен мемлекеттерінің мәдени ортасын қарай бөліп қарауға - моңғолдық мәдени орта, қытайлық мәдени орта, исламдық мәдени орта (Ауғанстан, Иран және Түркиядан келген қазақтар жатады). Исламдық мәдени ортадан шыққан ағайындар өз кезектерінде әйелдер қауымы бастарына тамағы жабық орамалдар, қымтанып киінуге тырысады. Исламдық киіну үлгісіндегі әйел адам үшін аяқ тобығынан жабық болып киіну түсінігі бар. Ерлері (Пакистан, Иран) бастарына шалма түрінде орамал тартады, осы елдерден келгендер дінге жақынырақ келеді.

Түрік, Иран, Ауған мұсылман елдері болғандықтан көбіне әйел адамдары барлығы дерліктей қайырма жағалы, жеңі ұзын, кең және ұзын етек көйлек киіп, бастарына ішкі жағынан кішкентай орамал бүркеніп, сыртынан үлкен ақ жаулық тартады.

Мұсылман әйелі денесін көрсетпейді, жалаңбас жүрмейді, сондықтан шашы, мойыны көрінбейтін киімдер киюге тырысады. Иран қазақтары арасында кеңінен тараған тік жағалы, алды көкіреке дейін ашық болып, кең пішілген, жеңі ұзын үлгідегі көйлектер көп кездеседі. Ежелден-ақ қазақ әйелдері үйде жалаңбас жүрмей басына ақ орамал тартатын. Иран жерінде де орта және жасы үлкен әйелдер бастарына жаппай ақ жұқа шыт немесе не жібек матадан жаулық тағады. Әйелдердің күнделікті киетін негізгі киімдері-трапеция тәрізді ұзындығы тобыққа дейін келетін, омырауы жабық, жағасы тік көйлек. Оның бір ерекшелігі көйлектерінің тым кең және өкшеге дейін жететін ұзын болуында. Әйелдердің киімдері түрлі-түсті мақта, жібек, барқыт маталарынан тігілген.

Этномәдени болмысымыздың нағыз айнасы болып табылатын материалдық мәдениеттің бір саласы - қолөнерді, соның ішінде осы уақытқа дейін зерттелмей келген алыс шет мемлекеті Иран қазақтарының қолөнерін зерттеу аса маңызды мәселе.

Иран мемлекетіне қоныстанған кезден бастап қазақтар өзінің ұлттық қолөнерін сақтауға тырысып, оны жергілікті халықтардың әсерімен жалғастырып дамытты. Сонымен бірге қазақтардың жаңадан орналасқан Иран мемлекеті әлемде ежелден қолөнердің орталығы,

соның ішінде кілем тоқып шығаратын орталықтардың бірі болып саналды.

Қолөнер ежелден келе жатқан кәсіп болғандықтан, Иран қазақтары қолөнер бұйымдарын өз ұлтының ұлттық нақыштарын жоғалтпай әрі қарай жалғастырып ұрпағына жеткізіп отыр. Қазақ халқы әлемнің қай түкпірінде жүрсе де өзінің ата кәсіптерінің бірі қолөнермен айналыса отырып, оны күнделікті күн көріс қамының құралы етіп алса, екінші жағынан халқымыздың өнерін танытып, эстетикалық талғамын насихаттайды.

Иран қазақтарының өмірінде қолөнер әр отбасының қажетін өтейтін, отбасына табыс әкелетін кәсібінің болуы маңызды болды. Кәсіптердің ішінде негізгісі – кілем тоқу өнері жатады. Қазақтардың жергілікті тұрғындарынан алған қой жүнінің негізгі бөлігі кілем тоқуға жұмсалды.

Иран қазақтары тоқыған кілемдер жергілікті халықтың арасында кеңінен тарады, бұл кілемдер тез сатылып кетіп, тіпті кейбір кезде алдын-ала тапсырыстарды қабылдап отыратын мезгілдер болды. Иран қазақтары арасындағы қыздың тәрбиесіне байланысты бір ерекшелігі, онда қыздар босқа жүрмейді, оқудан келгесін уақытын босқа өткізбей киім тігеді, кілем тоқып, кесте тігумен айналысады.

Маңғыстаудан қоныстанған қазақтар өздерінің ежелден сақталған қолөнерімен айналысып, Иран жеріне бейімделіп жаңа әдемі кілемдер, төсеніштер тоқи бастады. Сонымен қатар көп жылдар бойы түрікмендермен, ирандықтармен бірге тұрғандықтан, шебер қазақ әйелдері жүннен жасалған үй бұйымдарын түрікмен, иран халқының ұлттық нақыштарын пайдаланып әшекейлей бастады.

Сонымен, қазақтарда үй тұрмысында көп қолданылатын әр түрлі өрнектері бар қолдан жасалған кілемдер, Қазақстанда мүлдем кездеспейтін арқалық жастықтар, жайнамаздар Иран қазақтарында үй тұрмыс сәнін келтіреді және олардың арасында қолөнер туындылары өте көп сақталған. Оның бәрін үй иесі әйелдің өзі жасап, отбасында әрбір ана өз қыздарына өнерді үйретіп, тәрбиелеріне сіңіріп отыру керек деп санаған.

Ираннан оралған саны көп емес қазақтар өз балаларына туған жерді құрметтеу, қадірлеу, дәстүрлерін ұмытпай өз бойына қазақылықты, қазақтың тілі мен дінін, қасиетті дінін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, заттай мәдениетін сіңіріп өсірген. Осы тұрғыдан қарағанда, Иран қазақтары қаншама басқа көршілес тұрған ұлттардың әсері болғанына қарамастан өзіндік ерекшелік пен қазақы бет бейнесін сақтап, алдағы уақытта да қазақ халқының құрамдас бөлігі ретінде тәуелсіз, егеменді Қазақстан Республикасымен әрдайым байланыста болып дамуына мүмкіндіктер бар.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу Ирандағы қазақ диаспорасының қалыптасуы мен этномәдени дамуы күрделі тарихи үдеріс екенін көрсетті. Қазақ халқының бір бөлігінің ХХ ғасырдың 1920–1930 жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер салдарынан Маңғыстау өңірінен Иран аумағына қоныс аударуы диаспораның пайда болуына негіз болған негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Иран қазақтарының жаңа этномәдени ортаға бейімделу барысында әлеуметтік, экономикалық және мәдени интеграция үдерістерін бастан өткергенімен, өздерінің этникалық бірегейлігін сақтауға айтарлықтай күш салғанын айқындады. Олардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінде жергілікті иран және түрікмен халықтарының ықпалы байқалғанымен, қазақы дәстүрлердің негізгі өзегі сақталып қалған.

Материалдық мәдениет, әсіресе дәстүрлі қолөнер түрлері (кілем тоқу, киім тігу, тұрмыстық бұйымдар жасау) этникалық сәйкестікті сақтауда маңызды рөл атқарған. Сонымен қатар тілдік ортадағы өзгерістер қазақ тілінің табиғи дамуы мен сыртқы тілдік ықпалдардың әсерін көрсетеді, алайда негізгі тілдік құрылымның сақталуы диаспораның этникалық тұтастығын дәлелдейді.

Әлеуметтік-мәдени талдау нәтижелері Иран қазақтарының салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарында ұлттық негіздің сақталғанын, сонымен бірге тарихи-географиялық ортаға бейімделу нәтижесінде кейбір синкреттік элементтердің қалыптасқанын көрсетті.

Жалпы алғанда, Иран қазақтарының этномәдени дамуы ассимиляция мен этникалық өзіндік сананы сақтаудың қатар жүретін үдерісі ретінде сипатталады. Бұл диаспоралық

қауымның мәдени мұрасын зерттеу қазақ халқының тарихи-мәдени кеңістігін кеңінен түсінуге және шетелдегі қазақтардың этникалық бірегейлігін сақтау механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстаннан тысқары елдерде өмір сүріп жатқан қазақтар қашан да өздерінің ұлттық болмысын сақтауға баса назар аударады. Олар өздерінің ұлттық тіл, дін, ділдерін (менталитет) жақсы сақтаумен қатар, дәстүрлі тұрмыс салты мен қолөнер кәсіптерін де айтарлықтай жалғастырып, дамытып отырады. Әсіресе, этникалық қазақтар шоғырлы қоныстанған Моңғолия мен Қытай қазақтарында ұлттық дәстүрлі мәдениет айтарлықтай жақсы сақталған және дамыған. Осындай мәдени ортадан Отанға оралған қандастарымыз Қазақстан қоғамына тың күш, жаңа мәдени леп әкелді.

Шетелдерден келіп жатқан қандастармен бірге елге жетіп жатқан мәдени ерекшеліктеріміз отандық ұлы мәдениетімізді толықтырып, толқындатып, деңгейін өсіре түсуде. Бұл қазақтың тілі мен бағалы әдеби шығармалары, дәстүрлі діні мен тұрмыс-салты, ұлттық рух пен мінез-құлқы, ұлттық қолөнердің әртүрлі үлгілері осы ағайындар арқылы соңғы жылдары отандық мәдениетке үлес қосуда.

Соңғы жылдары Қазақстанға шетелдерден оралып жатқан қазақтардың санының тұрақты түрде артуы білім беру жүйесінің алдына жаңа және күрделі міндеттер қойды. Олардың қазақстандық әлеуметтік-мәдени ортаға табысты бейімделуі, кәсіби және тұлғалық әлеуетін іске асыруы ең алдымен мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру деңгейіне тікелей тәуелді болып тұр. Қазақ тілі қандастар үшін қарым-қатынас жасаудың тиімді құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттық-мәдени бірегейліктің (идентичтіктің) негізгі коды ретінде айрықша маңызға ие. Сонымен қатар, қандас бауырларға арнайы әзірленген әдістемелерді белсенді түрде қолдану олардың тілдік дағдыларын (яғни, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымды) тезірек әрі тиімдірек меңгеруіне, сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастыруға және ең бастысы, қазақ қоғамына толыққанды және белсенді мүшесі ретінде енуіне үлкен ықпал етеді. Осыған орай, ғылыми зерттеу барысында алынған және жүйеленген нәтижелер тек академиялық және ғылыми қауымдастық үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру мекемелері мен тіл үйрету орталықтары үшін де маңызды практикалық мәнге ие болады. Қазақ тілін оқыту процесін кешенді түрде жетілдіру арқылы қоғамдағы тілдік әртүрлілікті сақтау және ұлттық мәдениетті нығайту сияқты стратегиялық маңызды мәселелер табысты түрде шешімін табады[7].

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бүгінгі және болашағы. – А., 2003, 6 б.
2. Әріпұлы Б. Зұлмат заманның зардаптары // Маңғыстау, 1992. - № 35. - 3 б. MOMA, 17-қор, 86-іс, 81-п.
3. Омарбеков Т. Адай көтерілісі // Жұлдыз, 1992. - № 7. - 161 б.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедия – Алматы, 2002. - 307 б.
5. Исламская Республика Иран // Культурное представительство
6. Посольства Исламской Республики Иран в Республике Казахстан, 2009 б.
7. Смагулова У. Т. / Қандас бауырларға қазақ тілін оқыту әдістемесі: педагогикалық негіздер және деңгейлік модель. Yessenov science journal 2025, Vol.52 (3) 47-48б.б.

### REFERENCES

1. Eskekbayev D. Kazakh Diaspora: Present and Future. – Almaty, 2003. – p. 6.
2. Aripuly B. Consequences of the tragic period // Mangystau, 1992. – No. 35. – p. 3. MOMA, Fund 17, File 86, Sheet 81.
3. Omarbekov T. The Aday Uprising // Zhuldyz, 1992. – No. 7. – p. 161.
4. National Encyclopedia of Kazakhstan. – Almaty, 2002. – p. 307.
5. Islamic Republic of Iran // Cultural Representation.
6. Embassy of the Islamic Republic of Iran in the Republic of Kazakhstan, 2009.

7. Smagulova U. T. Methodology of Teaching the Kazakh Language to Ethnic Kazakh Repatriates: Pedagogical Foundations and Level-Based Model // *Yessenov Science Journal*. – 2025. – Vol. 52 (3). – pp. 47–48.

## ЭТНОКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХОВ ИРАНА

**Бекенжанова А. А.**

Университет Есенова, г. Актау, Казахстан

e-mail: ainash.bekenzhanova@yu.edu.kz

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются исторические причины формирования и последующего развития казахской диаспоры в Иране, а также особенности её этнокультурной адаптации в условиях иноязычной и иноэтнической среды. Особое внимание уделяется процессам сохранения национальной идентичности, языка, традиций и элементов материальной культуры казахов, переселившихся в Иран в результате социально-экономических и политических потрясений XX века.

Исследование показывает, что основная волна переселения казахов, в частности представителей Младшего жуза, связана с политикой коллективизации, насильственного оседания и экономического давления в 1920–1930-е годы на территории Казахстана. Эти процессы привели к массовой миграции населения из Мангистауского региона через Туркменистан в северные районы Ирана.

В новых условиях казахская диаспора оказалась в сложной ситуации адаптации к иной культурной, языковой и социальной среде, что потребовало выработки механизмов сохранения этнической самобытности при одновременной интеграции в принимающее общество.

В статье анализируются особенности хозяйственной деятельности казахов в Иране, включая развитие животноводства, земледелия и особенно традиционных ремёсел, таких как ковроткачество и производство предметов домашнего обихода. Подчёркивается, что материальная культура стала одним из ключевых факторов сохранения этнической идентичности. Также рассматриваются языковые особенности, проявляющиеся в сохранении казахского языка с элементами персидских и туркменских заимствований.

Отдельное внимание уделяется вопросам социокультурной адаптации, изменению повседневного быта, семейных традиций, религиозных практик и элементов национальной одежды. Несмотря на длительное проживание в иноэтнической среде, казахи Ирана сумели сохранить основные культурные ценности и передать их следующим поколениям.

В заключение отмечается, что этнокультурный опыт казахской диаспоры в Иране представляет важный научный интерес для изучения процессов диаспоральной идентичности, культурной трансформации и межэтнического взаимодействия.

**Ключевые слова:** казахская диаспора, казахи Ирана, этнокультурное развитие, миграция, Мангистауская область, коллективизация, культурная адаптация, национальная идентичность, ремесла, языковые особенности, традиции и обычаи, репатриация, этническая идентичность, культурное наследие.

## ETHNO-CULTURAL DEVELOPMENT OF KAZAKHS IN IRAN

**A. Bekenzhanova**

Yessenov University, Aktau, Kazakhstan

e-mail: ainash.bekenzhanova@yu.edu.kz

**Abstract.** This article examines the historical causes of the formation and subsequent development of the Kazakh diaspora in Iran, as well as the specific features of its ethno-cultural adaptation within a multilingual and multiethnic environment. Particular attention is paid to the processes of preserving national identity, language, traditions, and elements of material culture among Kazakhs who migrated to Iran as a result of the socio-economic and political upheavals of the twentieth century.

The study demonstrates that the primary wave of Kazakh migration, particularly representatives of the Younger Zhuz, was associated with the policies of collectivization, forced sedentarization, and economic pressure implemented in Kazakhstan during the 1920s–1930s. These processes led to large-scale population displacement from the Mangystau region through Turkmenistan to the northern regions of Iran.

In the new socio-cultural context, the Kazakh diaspora faced complex adaptation challenges related to integration into a different cultural, linguistic, and social environment, which required the development of mechanisms for preserving ethnic distinctiveness while simultaneously integrating into the host society.

The article analyzes the economic activities of Kazakhs in Iran, including livestock breeding, agriculture, and particularly traditional crafts such as carpet weaving and the production of household items. It emphasizes that material culture served as one of the key factors in maintaining ethnic identity. Linguistic features are also discussed, including the preservation of the Kazakh language with noticeable Persian and Turkmen lexical influences.

Special attention is given to socio-cultural adaptation processes, changes in everyday life, family traditions, religious practices, and elements of traditional clothing. Despite long-term residence in a foreign ethnic environment, Kazakhs in Iran have managed to preserve their core cultural values and transmit them to subsequent generations.

In conclusion, the ethno-cultural experience of the Kazakh diaspora in Iran represents significant academic interest for studying diaspora identity formation, cultural transformation, and interethnic interaction processes.

**Keywords:** Kazakh diaspora, Kazakhs in Iran, ethno-cultural development, migration, Mangystau region, collectivization, cultural adaptation, national identity, crafts, linguistic features, traditions and customs, repatriation, ethnic identity, cultural heritage.